

САПАЛЫ ТАПСЫРМА – ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ


Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әр пәнде білім стандарты талабы – оқу мақсаты басты орында екені баршамызға аян. Қысқа мерзімді жоспардың да бағдаршамы – оқу мақсаты. Сондықтан мұғалімдер тиімді сабақ жоспары мен әрекеттер арқылы оқу мақсатына жетуді көздейді.

Соның ішінде сапалы дұрыс құрылған тапсырма – бұл оқу мақсатына жетуге апарар жол. Мұғалім күнделікті сабақта сапалы тапсырмалармен қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізсе, мақсатына жетеді. Сондықтан да жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әр сабақтың тапсырмасын жасауға үлкен мән беріледі және бұл әрекетке оқушылар да тартылады. Бүгінгі сабақта оқушылар мақсаттар мен тапсырмаларды білуге, түсінуге, бағалауға, бақылауға тартылады. Ағылшын ғалымдары П.Блэк және Д.Уильям: «Оқушылар оқыту мақсатын түсіне бастаған кезде, біршама ойлы түрде оқи бастайды, осы кезде оларды оқыту аса тиімді болады: оқушылар бағалау үдерісін мұғалімдермен және бір-бірімен талқылайды...», – дейді.

Тапсырма жасауда ең маңыздысы – мұғалімнің оқу мақсатын түсінуі. Қадамдарына келетін болсақ, ең алдымен, оқу мақсаты таңдалынады. Оған сәйкес критерий, ойлау деңгейлері анықталынған соң, ресурс таңдалады, одан тапсырма мен соған сәйкес дескриптор таратылады.

Әріптестеріме қазақ әдебиеті 10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) «Ақбілек» романын оқыту бойынша тапсырмалар жүйесін ұсынып отырмын.

10.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну. Критерийі: 1. сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды; 2. идеялық мазмұнын терең түсінеді. Байқасаңыз, жоғары ойлау дағдыларын керек етеді. Жалпы романды оза оқыту әдісі бойынша оқушыларға үйде оқып келу тапсырылады. Берілген оқу мақсаты бойынша «ЖИГСО» тәсілін жүргізуге болады. Сонда оқушылар роман мазмұнындағы қат-қабат оқиғаларды бір-біріне айтып беріп, бір-бірінен білім жинайды. Әр топтағы оқушылар өз ішінде 1-ден 5-ке дейін санайды. Оларға «Ақбілек» романы мазмұны бойынша тақырыпшалар беріледі. Әр топтағы 1-оқушы тапсырмасы: *Ақбілек трагедиясы. Анасынан айрылу. Ақтар қолында.* Әр топтағы 2-оқушы тапсырмасы: *Қасқырлар қамауында. Әке ызғары. Өгей шеше.* Әр топтағы 3-оқушы тапсырмасы: *Жүкті болуы. Бекболаттан күдер үзу. Босануы.* Әр топтағы 4-оқушы тапсырмасы: *Қалаға кетуі. Семейде. Омбыда. Ақмолада.* Әр топтағы 5-оқушы тапсырмасы: *Балташқа қосылуы. Ақбілек ауыл-*



да. Ақбілек көңілінің тазаруы. Оқып дайындалуға 10 минут уақыт беріледі. Одан соң бірінші айналым басталады. Әр топтағы 1-лер, 2-лер, 3-тер, 4-тер, 5-тер бір топқа жиналып талдап, терең түсінеді. Екінші айналымда бастапқы өз топтарына барып әркім өз бөлігін бір-біріне айтып береді. Осы белсенді әрекет біткеннен соң, «Орын тап» ойыны. Сынып бұрыштарына «Басталуы», «Дамуы», «Шиеленісуі», «Шарықтау шегі», «Шешімі» деген сөздер жазылады. Оқушылар бастапқы берілген тапсырмалары бойынша өз орындарына тұрады, себептерін түсіндіреді. Бұл тапсырма оқу мақсатын ашатын түйінді тапсырма болағандықтан, дескриптор құрылады. Дескриптор: *1. шығарманың идеялық мазмұнын айтады; 2. сюжеттік-композициялық құрылысын талдайды.*

10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; Бұл оқу мақсаты кейіпкерлемен жұмысты көздейді. Жинақтау дегеннің өзі – әдеби тип жасау әрекеті. З. Қабдоловтың «Сөз өнері» кітабында: «Типтендіру деген суреткердің іс жүзінде өмір шындығын өз дүниетанымы тұрғысынан белгілі бір уақыт пен кеңістікке, әлеуметтік орта мен дәуірге сай таңдап іріктеуі және жинақтауы, сол арқылы өзі жасап отырған көркем бейнені сомдауы, тұлғаландыруы, даралауы болып табылады», – делінген. Кейіпкерлер бейнесін ашу үшін автор әртүрлі көркемдік тәсілдерді қолданады. Ондай тәсілдерге: суреттеу (табиғатты, портретті, кейіпкердің сезім-күйін), сипаттау (кейіпкердің мінезін сипаттау, оқиғаны сипаттау), монолог, диалог т.б. Міне, осы мәселелерге тоқталып, оқушыларға бағыт-бағдар беріледі.

Осы оқу мақсатын ашуда екі тапсырма беруге болады. Бірінші тапсырма 1-кестеге сай кейіпкерлерді даралау, екінші тапсырма 2-кестеге сай жинақтау. Ең алдымен, оқушыларды кейіпкерлер бойынша топқа бөлу. «Ақбілек», «Бекболат», «Мұқаш», «Қара мұрт», «Ұрқия», «Балташ». 1-тапсырма. Топтарға тапсырма беріледі. Әр топ өзінің атымен аттас кейіпкерді зерттейді.

Романнан үзінділер келтіреді, пікір білдіреді, дәлелдейді.

Өзі н-өзі сипаттауы	Әрекеті	Монологі
Қандай ада м?	Қандай ада м?	Қандай ада м?
Дәлел	Дәлел	Дәлел

2-тапсырма. Әр топ өз кейіпкерін жинақтайды.

Ақбілек (Балташ, Мұқаш, Ұрқия, Офицер, Бекболат) сол замандағы қандай кейіпкерлердің жиынтық бейнесі? Оны автор қандай тәсілдермен береді?

1.	1.
2.	2.
3.	3.



1-тапсырма бойынша дескриптор:
1. романнан үзінділер келтіреді;
2. пікір білдіреді; 3. дәлел келтіреді.

2-тапсырма бойынша дескриптор:
1. кейіпкерлер жүйесін жинақтайды.
2. жинақтауға үш дәлел келтіреді.
3. тәсілдерге үш дәлел келтіреді.
«Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау».

Бұл оқу мақсатын ашу үшін тапсырмалар түрлендіріліп беріледі. Оқушыларды жалықтырып алмас үшін және ой түрткі жасау үшін бейнежазбалар көрсетеді. Дайын сандық ресурстарын пайдалануға болады. <https://www.youtube.com/watch?v=5bwHHC-Mqb4> сайтында берілген бейнежазбадағы екі оқушының диалогін тыңдатады. Авторлық көзқарас деген жерге мән беріп отыруларын ескертеді. Ой қозғау сұрақтарын беріп тақырыпқа кіру: «Сіздер қандай ой қосар едіңіздер?», «Ақбілектің қалаға оқуға кетуі автор ойлап тапқан шешім бе?», «Жоқ тағдырдың жазуы ма?», «Ақбілек» романының жазылу тарихынан не білеміз? Әйгілі «Ақбілек» романы Жүсіпбек Аймауытовтың Алтай аймағына, дәлірек айтқанда, Күршім мен Марқакөл ауданының жалғасы Қалғұты бойына сапарға шыққанда жазылғанын біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін... Ғаламтордан оқушылар сілтеме бойынша материалды тауып оқиды. Топтарға тапсырма беріледі. 1-топ: Роман кейіпкерлері өмірде болған ба? 2-топ: Автор ойлап тапқан оқиғалар кеңестік кезең талабы ма? 3-топ: Ақбілектің қасқырлармен айқасуын суреттеудегі авторлық идея не?

Топтар жұмысты «Балық қаңқасы» тәсілі арқылы жүргізеді. Дескриптор: 1. мәселені түсіндіреді; 2. мәселенің шығу себептерін айқындайды; 3. дәлелдер келтіреді; 4. ой қорытынды жасайды; 5. шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындайды.

10.2.4.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу. Ал бұл оқу мақсатымен жұмыста мұғалім процесті жазылым тәсілін пайдаланады. Яғни тақырыпты ашып, шығармашылық жұмыс жазуға әртүрлі жаттығулар арқылы дайындайды. Алдымен жеке жұмыста «Мені...» жаттығуын пайдаланады. Шығарма бойынша әсерлерін аяқтап жазады. Мені қинаған..., Мені жұбатқаны..., Мені сүйсіндіргені..., Мені үрейлендіргені..., Мені қызықтырғаны..., Мені қуантқаны..., Менің тілегім... Осы жұмыстан соң жұппен «Пирамида» тәсілін беруге болады. 1. Кейіпкер (1сөз); 2. Кейіпкерді сипаттайтын сөз (2 сөз); 3. Оқиға орны суреттейтін сөз (3 сөз) 4. Проблемалық сұрақ (4 сөз) 5. Романдағы бірінші өзекті мәселе (5 сөз); 6. Романдағы екінші өзекті мәселе (6 сөз); 7. Романдағы үшінші өзекті мәселе (7 сөз); 8. Проблемалық сұраққа жауап (8 сөз).

Осы жұмыстан соң, «РАФТ» тәсілін пайдалану: Р – Ақбілек; А – оқушылар; Ф – эссе; Т – «Өмір үшін күрес – күрестердің ұлысы».

Дескриптор: 1. шығармада

- көтерілген мәселені талдайды;
- 2. өзіндік пікір білдіреді;
- 3. тақырыпты ашады;
- 4. құрылымды сақтайды;
- 5. эссе жазады.

10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу. Бұл оқу мақсатына жету үшін оқушыларда әдеби сын туралы түсінік болу керек. Әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Әдеби сынның негізгі міндеті шығарманы нақты тексеріп, жетістік кемшіліктерін саралап, эстетикалық баға беру», – делінген. Дайын сын үлгілерін оқушыларға таратып беріп, дайындауға болады. Бұл оқу мақсатын кейіпкерлерді салыстыруға арнауға болады. Топтарға тапсырмалар төмендегідей: 1-топ: М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романымен салыстырады 2-топ: С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» романымен салыстырады 3-топ: С. Көбеевтің «Қалың мал» романымен салыстырады. Топтар салыстыруды «SWOT талдау» әдісі арқылы жүргізеді.

S – strong – кейіпкерлердің мықты жақтарын салыстырады;

W – weak – кейіпкерлердің әлсіз жақтарын салыстырады;

O – opportunities – кейіпкерлердің мүмкіндіктерін салыстырады

T – threats – кейіпкерлерге төнген қауіп-қатерлерді салыстырады.

Дескриптор: 1. кейіпкерлердің мықты жақтарын салыстырады; 2. кейіпкерлердің әлсіз жақтарын салыстырады; 3. кейіпкерлердің мүмкіндіктерін салыстырады; 4. кейіпкерлерге төнген қауіп- қатерлерді салыстырады:



5. құрылымды сақтайды; 5. әдеби сын жазыды;

Қорыта айтқанда,

қазақ әдебиеті сабақтарында тапсырма құруда оның қадамдарын білу, белсенді әрекет тапсырмаларын ойластыру, критерий мен ойлау деңгейлерін басшылыққа алу, дескриптор арқылы қалыптастыру, оқушының бұған дейін білетіндерін ескеру, әдебиет теориясын терең білу және оны практикамен ұштастыру, ресурсты дұрыс таңдай алу – кезек күттірмейтін мәселе.

Сонымен қатар күтілетін нәтижені құруға оқушылардың қатысуы да өзекті. Себебі оқушы сабақ басында күтілетін нәтижемен таныс болып, оны түсініп, дескриптор құруға қатысып, сонымен өзінің және өзгенің жұмысын бағалауға қатысқанда ғана қалыптасады.

**Г. Д. РЫСКЕЛДИЕВА,
Алматы қаласы
Шона Смаханұлы атындағы
№ 62 гимназия директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары**



АННОТАЦИЯ ○

Автор статьи Гульмира Рыскелдиева расставляет акценты и делится опытом в изучении казахской литературы в условиях обновления содержания образования. Она приводит пример, основанный на опыте работы с учащимися по конкретным заданиям по роману «Акбылек» Ж. Аймауытова. В процессе такой работы ученик действительно становится активным субъектом учебного процесса, самостоятельно овладевающим знаниями и решающим познавательные задачи.